

## Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 қазан N 1509

"Кару жараққа, әскери техникаға және екіудай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 Р991143\_қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) 1999 жылғы 16 қарашадағы N 03/2000-НВ келісім-шартына 2000 жылғы 5 сәуірдегі 1-толықтыруға сәйкес Науай тау-кен-металлургиялық комбинатына (Науай қаласы, Өзбекстан Республикасы) берілетін жарылғыш материалдардың 1-қосымшаға сәйкес санда транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің қолданылып жүрген "Қауіпті жүктөрді тасымалдау ережелеріне" және басқада нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы, 2-қосымшаға сәйкес қозғалыс бағыты бойынша, темір жол көлігімен жүк тасымалын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігі осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 9 қазандығы

N 1509 қаулысына

1-қосымша

"Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы,  
Ресей Федерациясы) 1999 жылғы 16 қарашадағы N 03/2000-HB  
келісім-шартына 2000 жылғы 5 сәуірдегі 1-толықтыруға сәйкес  
санда Науай тау-кен-металлургиялық комбинатына (Науай қаласы,  
Өзбекстан Республикасы) беретін тауарлардың саны

---

p/c ! Тауардың атауы, ! Өлшем ! Саны ! Бағасы АҚШ ! Жалпы құны  
N ! СЭК ТН коды ! бірлігі ! ! долларымен ! АҚШ долларымен

---

1 ! ТУ 84-08629124- ! т ! 100 ! 4800.00 ! 480000.00  
! 692-97 ТГФ-850 Э!  
! шашкалары, !  
! 360200000 !

---

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 9 қазанды  
N 1509 қаулысына  
2-қосымша

Жарылғыш материалдардың қозғалыс бағыты

Жарылғыш материалдардың қозғалыс бағыты мына бағыттар бойынша жүзеге  
асырылады:

Жұқ жөнелтуші: "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы,  
Ресей Федерациясы)

Шекарадан өту станциясы: Локоть-Шенгелді (Қазақстан Республикасы);  
Алушы: Науай тау-кен-металлургиялық комбинаты (Науай қаласы,  
Өзбекстан Республикасы)

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК